Мазмұны

WideCam F100 мүмкіндіктері 1
Құрылғыны баптау 2
К.Қ.М (кескінді қорғау механизмі) орнатымы 3
Webcam Companion 4 (анықтығы жоғары жазба үшін) 4
Webcam Companion 4 қолданбасын пайдалану реті 5-12
Веб камера ақауларын жою 13

WideCam F100 мүмкіндіктері

Түнгі көрініске арналған инфрақызыл және драйвері жоқ WideCam F100 нұсқалы веб камера қызметіне тәнті болыңыз! Оны USB порты арқылы жалғаңыз және бейне сұхбаттасуды, күндіз немесе кешке болсын, бірден бастай беріңіз!

1. Аса кең бұрышты линза
120 градусты линза кеңірек көрініс ұсынады

2. Микрофон
Сезімтал микрофон

3. Айналмалы тұғыр
Кез-келген бұрыштан көру мүмкіндігін ұсынуға арналған тұғыр 360 градусқа айналады

4. Қысқашты тұғыр
Өзгертуге болатын қысқашты тұғыр мониторға, ноутбукқа немесе теледидарға оңай орнатылады

Құрылғыны баптау

WideCam F100 құрылғысы Windows7, XP SP2, Vista немесе Mac 10.4.9 және одан жоғары нұсқадағы бағдарламаларда құрылғы драйверін қолданбастан қосуға және ойнатуға болатын UVC (USB бейне класс) қолдайды.

1. Дербес компьютердің амалдық жүйесі Windows7, XP SP2, Vista немесе Mac 10.4.9 және жоғарыдағы бағдарлама екіндігіне көз жеткізіңіз.
2. WideCam F100 құрылғысын USB портына қосыңыз.
3. WideCam F100 құрылғысын енді кез-келген қолданбамен қолдануға болады. Ол бейне мүмкіндігін қолдайтын кез-келген бейне сұхбаттасу бағдарламалық жасақтамасымен ойдағыдай жұмыс істей алады. Егер Mac OS бағдарламасын пайдалансаңыз, желіге қосылып сұхбаттасу үшін iChat пайдалануға болады.

Windows XP SP2 және Vista бағдарламаларына арналған кескінді түсіру мүмкіндігі:

1. Менің компьютерім белгішесін екі рет нұқыңыз. Немесе Бастау → Менің компьютерім белгішесін нұқыңыз.
2. Енді “USB Video Device” іздеп, оны екі рет нұқыңыз, сосын фотокескіндерді түсіруді бастауға болады.

ЕСКЕРІМ

- Windows XP жүйесінің SP2 (Service Pack 2) екендігін тексеру үшін.
  – Бейнебеттегі немесе Windows бастау мәзіріндегі **Менің**

компьютерім белгішесін нұқыңыз.

– Мәзір пайда болғанда, **Сипаттар** нұқыңыз.

К.Қ.М (кескінді қорғау механизмі) орнатымы

Бұл мүмкіндік басқа адамның жүйеге енуіне және веб камераны пайдалануына жол бермейді.

1. Genius Utility реттегішін ықшам дисктен орнатыңыз
2. Genius Utility реттегішін орнатқаннан кейін, Genius реттегішінің белгішесін жүйелік науадан көресіз
3. Веб камераны қосқан кезде, жүйе “Веб камерадағы кескінді ашқыңыз келе ме?” сұрағын қоятын тілқатысу терезесін бейнелейді. Кескінді ашу үшін “Иә” басыңыз. Жүйеге рұқсатсыз енгісі келген адам веб камераны қоса алмайды, себебі оның “Иә” пәрменін басуға мүмкіндігі болмайды. Бұл веб камераның рұқсатсыз пайдаланылуына жол бермейді.

4. Веб камераны қосқан сайын, жүйе рұқсатсыз енуді болдырмағыңыз келетіні туралы қайта сауал қояды.
   a. веб-торабына барыңыз.

ЕСКЕРІМ

- Бейне мәжіліс немесе бейне сұхбат бағдарламаларын іске қоспас бұрын камераны компьютерге қосқаныңызға көз жеткізіңіз.
- Бейне мәжіліс немесе бейне сұхбат бағдарламаларын іске қоспас бұрын басқа веб-камера бағдарламаларын жапқаныңызға көз жеткізіңіз.

Webcam Companion 4 (анықтығы жоғары жазба үшін)

Бұл қарапайым қолданба бірден веб камера арқылы сурет түсіруді және бейне фильм жазуды оңай етеді. Тіпті өз бейнеңізді таңдалған дайын нұсқа тарапынан бетіңізге өзгеріс жасалатындай етіп суретке түсіру мүмкіндігі де бар. Бағдарлама фотосуреттерді өз қалауыңызша өзгертуге арналған дайын нұсқалар мен пішіндерін де ұсынады және сол суреттерді басып шығаруға немесе электронды пошта арқылы жанұяңызға және достарыңызға жіберуге болады! WCC4 қолданбасы анықтығы жоғары бейнені веб камераның көмегімен 720p HD 30 кадр/секунд дейінгі сапада жаза алады.

Жүйелік талаптар

Webcam Companion 4 қолданбасын пайдаланудан бұрын омпьютердің келесі минималды жүйе талаптарына сай екендігін тексеріңіз

	Ең төменгі	Кеңес берілген
Жабдық		
ОП	Intel® Core™2 Duo 2.2 ГГц	Intel® Core™2 Quad 2.83 ГГц
ЖҚЖ	256 Мб	1Гб DDR2
Диск орны	500 Мб	1 Гб
DirectX	DirectX 9	DirectX 10
Бағдарлама		
Амалдық жүйе	Windows XP/Vista/7	
DirectX	DirectX 9 немесе одан жоғары	

Webcam Companion 4 қолданбасын пайдалану реті

	Сурет түсіру Бұл модуль веб камераның көмегімен сурет түсіруге және бейне материал жазуға мүмкіндік береді.
	Қызықты жақтау Функция әртүрлі нұсқалар және пішіндердің көмегімен фотосуреттерді ерекше ете алады.

	Өңдеу модулі Түсірілген фотосуреттерді және бейне материалдарды жақсартуға және өзгертілген файлдарды жергілікті дискте сақтауға болатын функцияларды ұсынады.

Сурет түсіру модулі

Түсірілген суретті алдын ала қарау бейнебетінде, веб камера түсіріп тұрған бейне материалды қарай аласыз. Осы бөлімдегі сурет түсіру құралдарының дисплейі мультимедиялық файлдарды түсіруге мүмкіндік береді.

	Бейнебетке толық шығару Ағымдағы бейне материалды немесе дәл қазір түсріліп жатқан бейненің алдын ала көрінісін бейнебетке толық шығарады. Бейнебетке толық шығару режимінен шығу үшін ESC түймешігін басыңыз.

	Орнатым Сурет және бейне материал пішімдері, сапасы, құралдары, топтастырып көрсету режиміндегі фотосуреттер саны және тағы басқа да фотосурет түсіру орнатымдарын өзгертіңіз.
	Вебкамера орнатымы Веб камера орнатымдарын/сипаттарын қарап, өзгертіңіз. Осы жердегі опциялар құрылғы түріне қарай әртүрлі болады. Берілген параметрлерге қатысты мәлімет алу үшін құрылғының құжаттарын қараңыз.
	Жалғау/Ажырату Камераны жалғаңыз немесе ажыратыңыз.
	Сурет түсіру Веб камераның көмегімен фотосурет түсіріңіз.
	Топтастырып түсіру Бірнеше суретті жылдам дайын болатын ретте түсіріңіз. Әрбір топтастырып түсіру режимінде түсірілуі тиіс кескіндер санын белгілеу үшін «Орнатымдар» белгішесін нұқыңыз.
	Кадр V-белгісіне ұқсас қол қимылын жасау арқылы фото кадрды автоматты түрде түсіру үдерісін бастау үшін нұқыңыз. Егер бағдарлама V-белгісіне ұқсас қол қимылын адамдардың беттері бар суретті түсіріп қойғаннан кейін анықтаса, ол суретте көз жыпылығының бар-жоғын анықтауға тырысады. Егер көз жыпылығы анықталса, хабарлама шыға келіп, суретті сақтау немесе жою керектігін сұрайды.
	Бейне материал жазу Камера көмегімен бейне материал жазуды бастаңыз. Түсіру кезінде түймешік «Жазуды тоқтату» болып өзгереді. Түсіруді тоқтату үшін оны қайтадан нұқыңыз. Жазылған уақыты түсірілген материалды алдын ала қарау бөлімінің жоғарғы жағында көрсетіледі.

	Дыбысты жазу Камера көмегімен дыбысты жазу үшін осы түймешікті басыңыз. Түсіру кезінде түймешік «Жазуды тоқтату» болып өзгереді. Түсіруді тоқтату үшін оны қайтадан нұқыңыз. Жазылған уақыты түсірілген материалды алдын ала қарау терезесінің жоғарғы жағында көрсетіледі.
	Тікелей эфирдегі бейнеге қосымшалар қосу Тікелей эфирдегі бейнеге қосымшаларды қосыңыз. Қосымшалар қосылғаннан кейін, оларды фотосурет ретінде сақтау үшін «Сурет түсіру» пәрменін нұқуға болады; немесе қосымша қосу үдерісінің барлығын бейне үзінді ретінде жазуды бастаудан бұрын «Бейне материалды жазу» пәрменін нұқуға да болады.
	**Мультимедиялық файлдарды алдын ала қарау** Ағымдағы альбом ішінен таңдаған фотосуреттерді немесе бейне материалдарды қарау үшін фотосуретті қарау құралын немесе мультимедиялық ойнатқышты ашыңыз.
	Нысананы табу Түсірілген файлдарыңыз сақталатын орынға өтіңіз.

Қызықты жақтау модулі

Қызықты жақтау функциясы әртүрлі нұсқалар және пішіндердің көмегімен фотосуреттерді ерекше ете алады.

Фотосуреттерді ерекше ету үшін сүйікті нұсқаны немесе пішінді таңдай қойыңыз, оны басып шығару үшін нұқыңыз немесе жанұяңызға және достарыңызға жіберіңіз.

	Кадр Дене күйін анықтайтын фото кадрды автоматты түрде түсіру үдерісін бастау үшін нұқыңыз.
	Сурет түсіру Веб камераның көмегімен фотосурет түсіріңіз.
	Мультимедиялық файлдарды алдын ала қарау Ағымдағы альбом ішінен таңдаған фотосуреттерді немесе бейне материалдарды қарау үшін фотосуретті қарау құралын немесе мультимедиялық ойнатқышты ашыңыз.
	Электронды пошта Түсірілген кескіндерді немесе бейне материалдарды электронды пошта бағдарламасынан тіркемелер ретінде жіберіңіз.
	Басып шығару Түсірілген материалдарды жанұяңыз және достарыңызбен бөлісу үшін басып шығарыңыз.

	
	Дене күйін анықтау сезімталдығы Дене күйін анықтау функциясына арналған сезімталдықты өзгерту үшін жүгірткіні сүйреп, лақтырыңыз.

Өңдеу модулі

Өңдеу модулі түсірілген фотосуреттерді және бейне материалдарды жақсартуға және өзгертілген файлдарды жергілікті дискте сақтауға болатын функцияларды ұсынады.

	Нысананы табу Түсірілген файлдарыңыз сақталатын орынға өтіңіз.
	Электронды пошта Түсірілген кескіндерді немесе бейне материалдарды электронды пошта бағдарламасынан тіркемелер ретінде жіберіңіз.

	Басып шығару Түсірілген материалдарды жанұяңыз және достарыңызбен бөлісу үшін басып шығарыңыз.
	Өшіру Ағымдағы альбомнан таңдалған файлдарды өшіріп тастаңыз. Альбомдардағы сурет нобайларын өшірген кезде, жергілікті дисктен тиісті файл да алынып тасталады.
	Twitter қызметіне жүктеңіз Өңделген файлды Twitter қызметіне басқалардың қарауы үшін жүктеңіз
	Flickr қызметіне жүктеңіз Өңделген файлды Flickr қызметіне басқалардың қарауы үшін жүктеңіз.
	YouTube қызметіне жүктеңіз Өңделген бейне файлды YouTube қызметіне достарыңызбен бөлісу үшін жүктеңіз.
	Автоматты түрде жақсарту Суреттеріңіздің сапасын бір нұқу арқылы жақсарту үшін автоматты түрде жақсарту түймешігін нұқыңыз.
	Жарықтығын өзгерту Кескінді ашық немесе күңгірт ету үшін жүгірткіні сүйреп, лақтырыңыз.
	Контрастты өзгерту Фотосуреттің контрастын өз қолыңызбен өзгерту үшін жүгірткіні сүйреп, лақтырыңыз.
	Бұлыңғыр тұстарды өзгерту Кедір-бұдырлы шеттерін тегістеу немесе көмескі тұстарды анығырақ ету үшін жүгірткіні сүйреп, лақтырыңыз.
	Ұлғайту Алдын ала қарау аумағындағы белсенді фотосуретті ұлғайтыңыз.

	Кішірейту Алдын ала қарау аумағындағы белсенді фотосуреттің өлшемін кішірейтіңіз.
	Солға қарай 90 айналдыру Белсенді фотосуретті 90-градусқа сағат тіліне қарсы бағытта айналдырыңыз.
	Оңға қарай 90 айналдыру Белсенді фотосуретті 90-градусқа сағат тілі бағытында айналдырыңыз.
	Аудару Фотосуреттің дәл көшірмесі болып табылатын кескінін жасаңыз.
	Болдырмау Соңғы әрекетті болдырмайды. Осы пәрменді жасалған қатені түзету үшін пайдалана аласыз.
	Қайта жасау Бұл пәрмен соңғы болдырмау пәрменін кері қайтарады.
	Өлшемін өзгерту Белсенді фотосуреттің өлшемін өзгертіңіз. Фотосурет ені мен биіктігі үшін қажет мәндерді теруге немесе арақатынасын сақтауды таңдауға болатын терезе пайда болады.
	Қиып алу Қажеті жоқ аумақты кескіннен алып тастаңыз. Тіктөртбұрышты немесе төртбұрышты аумақты белгілеу үшін қиып алу құралын пайдаланыңыз. Аумақ белгіленгеннен кейін, таңдау сыртында қалған аумақ күңгірттенеді. Қиып алу амалын қолдану үшін алдын ала қарау аумағының астындағы қиып алу түймешігін нұқыңыз.
	Кескін қосымшасы Түсірілген файлдарға қосымшаларды қосыңыз.

Ақауларды жою

1-ші сұрақ: Ұзын USB кабель арқылы жалғанған кезде, компьютер веб камераны таба алмайды.

Шешімі:

- Веб камераны тікелей компьютердің USB портына жалғаңыз. Веб камераның компьютердің артындағы USB портқа жалғанғанына көз жеткізіңіз. Компьютердің алдындағы кейбір USB порттар веб камераға жеткілікті қуат бермеуі мүмкін.

2-ші сұрақ: USB портқа арналған жеткіліксіз жүйелік қорлар жүйенің қызметіне кедергі келтіруде.

Жүйеге жалғанған құрылғылар тым көп, бұл жүйенің USB контроллеріне қатысы бар IRQ ақауларын тудыруда.

Келесі әрекеттерді орындаңыз:

- Жүйеден кейбір USB құрылғыларды алып тастаңыз.
- Жүйені сөндіріп, қайта қосыңыз.
- Компьютер қорларды жаңадан реттейді.

3-ші сұрақ: Веб камераның шамы жанбайды немесе компьютер еш себепсіз сөніп, қосыла береді.

USB құрылғы компьютерден тым көп электр қуатын алып тұруы мүмкін. Мұндай жағдай, әсіресе, USB құрылғыларды пассивті немесе қуатты өзі қамтамасыз ететін USB бағыттағышқа жалғаған кезде орын алуы мүмкін. **USB бағыттағыш қуатты пайдалану шегінен асып кетті** деген тілқатысу терезесі пайда болады.

Келесі әрекеттерді орындап көріңіз:

- Веб камераны бірден компьютердің USB портына жалғаңыз.
- Сыртқы қуат көзі бар USB бағыттағышын пайдаланыңыз.